



«Төре» ЖШС балабақшасы

Білім мен мейірім ошағы

Балаларға сапалы білім беру әрине, ең бірінші балабақшадан басталады. Мектепке дейінгі тәрбие баланың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Ендеше, бала өмірінің сапасын жақсартуға жұмсалған инвестиция - Ұлт сапасын жақсартуға әкеледі деп айтуға болады. Баланың ортаға тез бейімделуіне, жан-жақты дамуына балабақша үлкен рөл атқарады.

Дегенмен заманға сай бала тәрбиелеудегі әдіс-тәсілдер өзгеріп отыратыны белгілі. Жаңа технологияны тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады. Қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу педагогтерден үлкен ізденіс пен шеберлікті талап етеді. Осы мақсатта мектепке дейінгі ұйымда балалардың табысты бейімделуі мен дамуы үшін жағдай жасау, мәдени-гигиеналық дағдыларға баулу, күн тәртібін, ҰОҚ сақтауға тарту, өзін-өзі үйрету дағдыларын қалыптастыру, балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу, заманауи этно-мәдени құндылықтар негізінде балаларды достарымен қайырымды, мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу, игі істер жасауға ынталандыруда Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дөң ауылында 2017 жылы Молдашева Арай Аманжолқызының бастамасымен «Төре балабақшасы» ашылып, пайдалануға берілді.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, тәрбие тал бесіктен басталуы тиіс. Тек отбасыда ғана емес, балабақшада да тіл үйреніп, халқымыздың салт-



«Төре» ЖШС БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ
ЖӘНЕ МЕНГЕРУШІСІ
Молдашева Арай Аманжолқызы

йыңды ауылында дүниеге келген. Қ.Жұбанов университетінде «Тарих» мамандығын тәмамдаған. Білімі жоғары. Еңбек өтілі 17 жыл. Арай Аманжолқызы Дөң ауылында екі қабатты заманауи балабақшасын ашып, ауыл адамдарының ақ батасын алып, елге, жерге адал да абыройлы қызмет жасап келеді. Өз ісінің тәжірибелі маманы жан-жақты ізденімпаз, жаңалыққа жаны құмар жан.

«Төре» балабақшасы - дамытушы, тәрбие барысын ұлттық құндылықтар негізінде жүргізетін мектепке дейінгі мекеме оқыту мен тәрбие беру бағытының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының тиімді жүзеге асыруын басты мақсат тұтады.

Сонымен қатар мектепке дейінгі балалардың денсаулығын сақтау құзыреттілігін арттырып, сауықтыру шараларын жаңа бағытта өткізіп, мектепалды даярлық жұмыстарын толыққанды






қамтамасыз етіп, зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалдық дамуын отбасымен бірлескен қарым-қатынас барысында реттейтін инновациялық типтегі мекеме. Балабақшада балаларды дамыту үшін «Шахмат» және «Үстел үсті теннисі» үйірмелері қосымша жұмыс жасайды. Заманауи технологияларды қолдану аясында «Құм терапиясы» инновациялық алаң және «Эрбу» арт-терапиясы жұмыс жасауда. Оқу-тәрбие жұмыстары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақшада қажетті құралдармен, ойыншықтармен толық жабдықталған, оқу, ойын және ұйықтау бөлмелерінен басқа, асханасы, дәрігерлік кабинет пен музыкалық залы да бар.

Балабақшада жас ерекшелігіне қарай бөлінген 7 топта 182 бала тәрбиеленеді. Онда топ бөлмелері балалардың жас ерекшеліктеріне сай, спорт және музыка залы, меңгеруші, әдіскер, психолог, шаруашылық меңгерушісі жұмыс істеуге қолайлы жабдықталған. Балабақша аумағында ойын алаңдары, гүлзарлар және спорт алаңы бар.

Балабақшада күн режимі және балалардың тамақтану барысы үнемі реттілікпен ұйымдастырылған. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және шынықтыру-сауықтыру жұмысы жоспарлы жүргізілуде. Емдік жұмыстары дәрігердің нұсқауымен іске асады. Балабақша медбикесі шынығу жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Ата-аналарға да пайдалы кеңестер беріп тұрады. Балабақша қызметкерлерін үнемі, уақытылы медициналық тексеруден өткізіп отырады. Оқу-тәрбие жұмыстарында дамытушы ойындар, дидактикалық, мазмұнды рөлдік, ермек ойындары, драмалық ойындар, қимылды, ұлттық, музыкалық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, шығармашылығын дамытады.

Жетістіктеріне тоқталатын болсақ, 2021 жылы Хромтау ауданының білім бөлімінің Алғыс хатының иегері. 2023 жылы «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» аудандық байқаудан Алғыс хат алды.

«Төре» балабақшасының меңгерушісі Молдашева Арай Аманжолқызы 2015 жылы «Нұр болашақ» мектепке дейінгі ұйымдар одағы, ҚР мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің 11-ші Халықа-



ралық слетінің кубогі, 2016 жылы Ақтөбе қаласының білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті төрайымының Құрмет грамотасы, 2018 жылы «Жарқын болашақ» номинация иегері. 2019 жылы аудан әкімінің Алғыс хатын, 2021 жылы Хромтау ауданының білім бөлімінің Алғыс хатын, 2022 жылы Хромтау ауданының білім бөлімінің Алғыс хатын алды.

«Төре» балабақшасы әдіскері Сарсекова Гүлсая Қайжанқызы 2018 жылы «Үздік тәрбиеші» төсбелгісінің иегері атанды. 2018 жылы «Ең үздік жас тәрбиеші» номинациясын, 2019 жылы Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының Алғыс хатын, 2020 жылы аудандық кәсіподақ ұйымының төрайымының Алғыс хатын, 2021 жылы Хромтау ауданының білім бөлімінің Алғыс хатын иеленді. «Төре» балабақшасының тәрбиешілерінің жетістігі де бір төбе. Атап айтқанда, Сапарова Айсауле Абылхайырқызы 2018 жылы «Ләпбук» - баланы дамыту мен оқытудағы дидактикалық құрал ІІІ орын алса, 2019 жылы тәрбиеленушілерін «ПОНИ» сайысына қатысып жүлделі орындарға ие болып, марапатталды.

Қабылақатова Әсемгүл Серікқызы 2020 жылы «Абай әлемі балабақшада» онлайн байқауынан Алғыс хатпен марапатталды. Шайырова Махаббат Абылайқызы 2021 жылы «Бақытты балалар - бейбіт елдің тірегі» атты ойын-сауық бағдарламасынан ІІ орын алды.

Арай Аманжолқызымен бірге үлкен ұжымда 14 педагог, 13 кіші қызметкер және 1 әдіскер, 1 музыка жетекшісі, 1 психолог, 1 дене шынықтыру нұсқаушысы ауызбіршілікте еңбек етуде.

Балабақшада педагогтар мен тәрбиешілердің ізденіп, жұмыс жасауына мол жағдай жасалған. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарымен жұмыс жасайды. Яғни, оқу жылының басында тақырыптар бекітіледі. Қазіргі ақпараттық технологияның дамыған заманында тәрбиешілердің ізденуіне еш қиындық жоқ.

«Тәрбие - тал бесіктен» деген халқымыздың дана сөзі бар. Бала тәрбиелеу тәрбиешілердің басты міндеті. Олардың қызметі мен өмірі бала өмірімен тығыз байланысты. Барлық тәрбиешілер қауымына балалардың бағбаны қызметіндегі еңбектері табысты бола берсін дейміз!